

## "Ақтау теңіз сауда порты" мемлекеттік кәсіпорнын құру туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 28 қыркүйек N 1075. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.03.14. N 313 қаулысымен.

Сыртқы сауда жүктерін тасымалдау мен өңдеуді қамтамасыз ету үшін Ақтау теңіз сауда портының ерекше маңызын ескере отырып, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Ақтау және Баутино теңіз-сауда порттары "Ақтау" мемлекеттік акционерлік халықаралық теңіз көлік компаниясының құрамынан шығарылып, олардың негізінде "Ақтау теңіз сауда порты" мемлекеттік кәсіпорны құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті Көлік және коммуникациялар министрлігімен бірлесе отырып, 1994 жылдың аяғына дейін "Ақтау теңіз сауда порты" мемлекеттік кәсіпорнын дербес жоба бойынша мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіруді жүргізетін болсын.

3. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуының жыл сайын жасалатын болжамдау жобаларын әзірлеу кезінде "Ақтау теңіз сауда порты" мемлекеттік кәсіпорнын дамытуға қаржы бөлу мүмкіндігін қарастырсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі